

Г.Б. Қозғамбаева^{1*} , Б.Қ. Исабек² , Е.Т. Берлібаев³ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

³Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ШИРЕК ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХЫ

Қазақ елі тарихта ұзақ әрі күрделі жолдан өтті. Қазақ мемлекеттілігі түрлі тарихи кезеңдерде әр қырлы үлгіні иеленді. Алайда, ұлттық мүддеге сәйкес келетін және ХХІ ғасырдың сын-тегеурініне төтеп бере алатын заманауи үлгідегі толыққанды мемлекеттілік 1991 жылдан бері де, демек, КСРО ыдырап, мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана құрылды. Көптеген жылдар бойы ел тәуелсіздігі мақсатында күресіп, тағдырдың жазғанын басынан өткеріп, Қазақ елі қысқа мерзім ішінде санадан ұмыт қалған, жадымыздан жоғалу шағында егеменді мемлекеттілігін жаңғыртып, дүниежүзіндегі мемлекеттердің алдыңғы қатарлылардың ортасында болашаққа қадымдап қадам басып, дамып келеді. Мемлекет аз ғана уақыт ішінде өз дамуының саяси қырларын анықтап, нарықтық экономикаға өтуді жүзеге асырды, күрделі әлеуметтік күйзелістерді басынан кешірді.

Әлем қазақтарының 1992 жылы шақырылған бірінші Құрылтайында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру және оның жарғысын, басшы органдарын сайлау мәселелері талқыланды. Құрылтайдың ғылыми конференциясында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайына әлемнің әр түкпірінен қандастарымызды елге шақырып, бас қосуы тәуелсіз еліміздің алғашқы қадамы болды. Қазақ елінің, бас қаласы Алматыда төрткүл дүниеге тараған қазақтардың басын тоғыстырған ұлттың ұлы жиыны болды. Сол кезден бастап, жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде елімізге 2019 жылы елге келген қандастардың саны 1,5 миллионға жетті.

Қазақ елі шетелдегі этникалық қазақтармен арада тұрақты байланыс орнады.

Түйін сөздер: диаспора, құрылтай, қауымдастық, қоғам, қазақ елі.

G.B. Kozgambayeva^{1*}, B.Q. Issabek², E.T. Berlibaev³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²South Kazakhstan State Pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent

³Kazakh State women's pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

History of worldwide kazakh community for a quarter of a century

The Kazakh nation has come a long and difficult way in history. Kazakh statehood has taken a multifaceted model in different historical periods. However, a full-fledged modern statehood that meets the national interests and can withstand the challenges of the XXI century has been established in 1991 only after the collapse of the USSR. For many years, the country has been fighting for independence, experiencing the fate of the country, and in a short period of time, the Kazakh nation has regained its sovereign statehood in a time of forgetfulness, and is stepping into the future among the world's leading nations. In a short period of time, the state has identified the political aspects of its development, made the transition to a market economy, and experienced serious social commotions.

The first Kurultay of the Worldwide Kazakhs convened in 1992 discussed the establishment of the World Association of Kazakhs and the election of its charter and governing bodies. At the scientific conference of the Kurultay, the World Association of Kazakhs was established.

The first step of our independent country was to invite our compatriots from all over the world to the first kurultai of the worldwide Kazakhs. In Almaty, the capital of the Kazakh people, there was a great gathering of the nation, which brought together Kazakhs from all over the world. Since then, as a result of the work carried out, the number of compatriots who came to the country in 2019 reached 1.5 million people. Kazakhstan has established regular contacts with ethnic Kazakhs abroad.

Key words: diaspora, foundation, association, society, Kazakh country.

Г.Б. Козгамбаева^{1*}, Б.К. Исабек², Е.Т. Берлибаев³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г. Шымкент

³Казахский Государственный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

История Всемирной ассоциации казахов за четверть века

В данной статье освещается история Всемирной ассоциации казахов (1992–2019 гг.). Казахская страна прошла долгий и сложный путь в истории. Казахская государственность в разные исторические периоды приобрела многогранный характер. Однако полноценная государственность в современном стиле, отвечающая национальным интересам и выдерживающая вызовы XXI века, была создана с 1991 года, а значит, только после распада СССР и обретения государственной независимости. На протяжении многих лет, борясь за независимость страны, переживая судьбу, Казахская страна за короткий срок возрождает свою суверенную государственность, которая забыта в сознании, потеряна в памяти и развивается в центре передовых государств мира, шагая в будущее.

Государство за короткое время определило политические аспекты своего развития, осуществило переход к рыночной экономике, пережило серьезные социальные потрясения (пережил стрессы).

На первом курултае казахов мира, созванном в 1992 году, обсуждались вопросы создания Всемирной ассоциации казахов и избрания ее устава, руководящих органов. На научной конференции Курултая была создана Всемирная Ассоциация казахов. Участие казахов со всего мира в первом курултае стало. На научной конференции Курултая была создана Всемирная Ассоциация казахов.

Первым шагом нашей независимости стало приглашение на первый курултай казахов со всего мира. В городе Алматы родился Торткуль, великий сбор народа, объединивший казахов. С тех пор, в результате проведенной работы, количество соотечественников, прибывших в страну в 2019 году, достигло 1,5 миллиона человек.

Казахи имеют стабильные связи с этническими казахами за рубежом. В городе Алматы произошло великое собрание нации, объединившее казахов со всего мира. С тех пор, в результате проведенной работы, количество соотечественников, прибывших в страну в 2019 году, достигло 1,5 миллиона человек. Казахи имеют стабильные связи с этническими казахами за рубежом.

Ключевые слова: диаспора, фонд, ассоциация, общество, казахский этнос.

Кіріспе

Қазақ елінде ерен егемендіктен кейін күллі дүниедегі қазақтардың басын біріктіріп өткен Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайында Қауымдастық құрылды. Жаңадан шаңырағын көтерген Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына үлкен міндеттер жүктелді. Осы міндеттерді орындауда Қауымдастық құрылғаннан бергі жылдарда шетелде тұратын қандастарымызбен байланыстар жасап, қазақ диаспорасының өзекті мәселелерін шешуге байланысты көптеген іс-шаралар атқаруда.

Тәуелсіз қазақ елінің алдында көптеген мақсат, міндеттер тұрды. Сондай мақсат міндеттердің ең маңыздысы – Атажұртынан ажырап қалған, дүниежүзінің төрт бұрышында шашырап жүрген қандастарымызбен байланыс жасау, оларға көмек көрсету, қазақ елінде біріктіру. Аталмыш мәселелерді отыз жылға жуық уақыт Қауымдастық атқаруда. Аталмыш ұйым өзінің Жарғысында көрсетілген міндеттер

бойынша жұмыс істейді. Қауымдастық құрылған күннен бастап қазақ диаспорасының әртүрлі іс-шаралары аясында жұмыстар атқаруда. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылғаннан бергі уақытта шетелдегі қазақ диаспорасымен мәдени, оқу – білім беру жүйесі және іскерлік салалары бойынша байланыс жасалуда. Мақалада Т. Мамашев, Б. Уатқан, Т. Дәулетов, Т. Сапаралы және тағы басқадай еңбектер мен зерттеулер, конференция материалдары бойынша Қауымдастықтың құрылу тарихы және оның сан-салалы жұмыстары туралы кең көлемде мәліметтер берілген. Сондай-ақ Қауымдастық тарапынан шет елдегі қазақ диаспорасына байланысты атқарылып жатқан жұмыстар мен іс-шаралар және оның жүзеге асу мәселелеріне талдау жасалды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі ұстанымдары бірнеше әдістер арқылы сараланды. Салыстырмалы-та-

рихи әдіс: республика аумағында өткен тұңғыш әлем қазақтарының құрылтайының шақырылуы барысында құрылған Қауымдастықтың тарихи маңызы, қазақ диаспорасымен арасындағы түрлі байланыстар және Қауымдастық жұмысы барысындағы шет елдегі бүгінде шамамен жеті миллионға жуық қазақ диаспорасымен арадағы жан-жақты байланыс нақтыланып, Қауымдастықтың ширек ғасырдағы жұмысына сараптама жасалды. Дүниежүзі қазақтары Қауымдастығының қазақ диаспорасына байланысты атқарылған іс-шаралары және оның жүзеге асуы туралы жарияланған еңбектерді сараптай отырып, тарихи-салыстырмалы, тарихи объективтік, жүйелеу әдістерін пайдаланды. Тарих ғылымындағы диалектикалық тарихи даму заңдылықтары мен әлем тарихында қалыптасқан өркениеттік ұстанымдары негізге ала отырып, мақалада пайдаланған зерттеулер сыни тұрғыда қарастырылып, олардың шынайылығына сараптама жасалды. Тақырыпты саралауда талдау мен сыни тұрғыдан зерделеу принциптері басты ұстанымда болды. Мақаланың әдістемелік негізі – тарихилық және жүйелілік принципі болып табылады.

Нәтижелер мен талдаулар

Қауымдастықтың көмегінің арқасында әлем қазақтарының екінші, үшінші, төртінші, бесінші Құрылтайлары және ТМД мен шет елдерде тұратын қазақ диаспорасы арасында әртүрлі іс-шаралар өткізілді. Мақалада Қауымдастық құрылғаннан бергі уақыттағы атқарылған жұмыстарына сараптама жасалды:

1-Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайының шақырылуының тарихи маңызына талдау жасалды.

2-Қауымдастықтың Республикалық қоғамдық бірлестік ретіндегі жұмысы нақтыланды.

3-Шетелдегі отандастарды қолдаудағы Қауымдастықтың атқарып жатқан іс-шараларына сипаттама берілді.

4-Қауымдастық жұмысы барысындағы шет елдегі бүгінде шамамен жеті миллионға жуық қазақ диаспорасымен арадағы жан – жақты байланыс нақтыланып, Қауымдастықтың ширек ғасыр жұмысына сараптама жасалды.

5-Кеңестік билік тұсында Отандастар деген қоғамның шетелдегі қазақтардың арадағы байланысы туралы мәселе қарастырылды. Кеңестік билік тұсында Отандастар деп құрылған қоғам шетелдердегі қазақтармен байланыс жасап отырды. Барлық шетелдегі қазақтардың бәрімен

дерлік емес, олардың ішінде капиталистік елдерде тұратын қазақтармен байланыс жасалмады. Атамекенмен байланыстарды үзбей байланыстыру, Ұлттық ерекшеліктерді сақтау негізінде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының маңызы таяу шетелдегі ағайындарға қарағанда, алыс шетел қазақтары үшін ерекше. Олай дейтініміз, олар Қазақ елінің шекараласына іргелес елдерде тұрады. Ал алыс шетелде мәселен, бүкіл Еуропа мен Түркиядағы саны аз және көптеген елде шашыраңқы орналасқан қазақтардың мәдени-рухани өзегі – мектеп, газет, журнал және радио, теледидар арқылы ұлт тілі ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін құрал-орындарды ашуы мүмкін емес.

Алыс шетелдегі қандастарымызға ұлттық құндылықтар тұрғысынан 1992 жылы іргесі қаланған Қауымдастық көп көмек беріп отырған деп, айтсақ асыра сілтеушілік емес. Қауымдастықтың Түркия және Еуропа қазақтарына ұлттық ерекшеліктерін сақтау барысындағы іс-қимылдарын төрт категорияға бөліп қарауға болады.

1. Кіші құрылтайларды ұйымдастыру.
2. Тарихи маңызға ие күндер мен рәсімдерді қолдау.
3. Кітап, мақалалар жариялау.
4. Атамекенге барған қазақтарға пана болу (Қара:2005).

Жоғарыда көрсетілгендей, шет мемлекеттердегі қазақтарымен байланыс жасау және оны қайта қалпына келтіру мен қайта орнату, олармен пікірлесу жұмысы біз ойлағандай оңай шаруа болмады.

Норвегиядағы Қазақ мәдени орталығының төрағасы Махмут Башташ: «Шетелде тұратын біздер үшін Қазақстан арқа сүйер асқар тауымыз болса, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы рухани бұлағымыз», – деп, Қауымдастық ұйымының маңыздылығына тоқталып өтті (Башташ, 2003:36)

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1992 жылғы 27 тамыздағы №09 қаулысы шықты. Қаулы негізінде дайындық жүргізілді (Сапаралы, 1993:4). Әлем қазақтарының тұңғыш құрылтайын өткізу алдында ұйымдастыру комитеті құрылды. Комитеттің төрағасы Мырзатай Жолдасбеков, ал оның орынбасары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев және Алтынбек Сәрсенбаев тағайындалды (Уатқан, 2013:936). Сонымен бірге комитеттің мүшелері құрамына жазушы қаламгерлер мен мекемелердің жетекшілері жинақталды. Жасақталған ұйымдастыру комитетінің басшылары мен мүшелерінің

арқасында құрылтайдың барлық дайындық жұмыстары жүргізілді. Сол кездегі бас қаламыз Алматыда Әлем қазақтарының бірінші Құрылтайы өтті. Ұлттың үлкен жиынына көптеген шетелдерден қазақ диаспора өкілдерінің делегаттар қатысты. Сонымен қатар республика облыстарынан сегіз жүзден астам делегаттар мен өкілдер қатысты. Құрылтай барысында қазақ диаспорасының өзекті мәселесіне байланысты мәселелер қаралып, талқыланды. Тұңғыш құрылтай шетелдегі сан миллион қазақтардың атажұртқа деген ынта-ықыласын барынша арттыра түсті. Бірақ І-ші Құрылтайға Қытайдағы қандастарымыз қатыса алмады. 1992 жылғы 27 тамызда Қытай Елшілігінің дипломаты Сыртқы Істер министрлігіне келіп, Қытай Халық Республикасы үкіметінің шешіміне сәйкес Алматы қаласында өтетін Құрылтайға Қытай елі тарапынан өкілдердің келе алмайтындығын мәлімдеді. Дипломаттың айтуынша, осындай жиындар өтетін – Украина, Өзбекстан, Татарстан және Қытай мемлекеті дағдыға айналдырмаған. Өз мемлекетінің тапсыруы бойынша, деді қытай дипломаты, аталмыш Құрылтайға Алматыдағы елшіліктің бір өкілі қатысуы мүмкін. Осы мәселе төңірегіндегі жәйттер жайында Сізге хабарласып отырмыз», (Еңсенов:2018) деген, хат жолдаған. Бұл жерден, біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлттың ұлы жиынын өткізудің өзі қиын болғандығын аңғарамыз.

Тәуелсіздігіміздің айғағы болған Ұлы жиын тарихымыздың жаңа кезеңінің бастауы болды. Тұңғыш құрылтай мәжілісінде сөз кезегіне шыққан Түркиядан келген Дәлелхан Жаналтай көзіне жаса алып, сөз алды.

Атажұртқа келген қандастарымыз қазақ елінің бақытты күнге қол жеткізген қуанышын көріп, бірге қуанды. Еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, шетелдердегі қазақтармен тұрақты байланыс орнатуды жүзеге асыра бастады. Мұның ең алғашқы жарқын көрінісі 1992 жылы өткен әлем қазақтарының тұңғыш Құрылтайы болды. Құрылтайда жер жүзінің түпкір-түпкірінде шашырап жүрген қазақтардың өкілдері тұңғыш рет бас қосты. Алқалы жиында қазақ халқының ұлттық өсіп-өркендеуі жан-жақты талқыланды (Сапаралы, 1993:5).

Қазақ елінде өткен бірінші Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы жақсы ұйымдастыру жұмыстары мен жан-жақты дайындықтың нәтижесінде табыспен өтті. Таяу-алыс елдерде тұратын қандастарымыздың атажұртқа келгенде алғашқы байланыс қауымдастықпен бірінші болатындығы баршаға аян (Баймолда, 2015:12).

Тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа бетін ашқан бұл құрылтай әлемнің қырықтан астам елдерінде тұратын қазақ диаспораларына атажұртқа келуіне үлкен жол салды. Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің басын біріктіріп шақырылған бірінші Дүниежүзі қазақтары құрылтайының тарихи маңызы ерекше. Бұл құрылтай қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанның белгісі болды. Қауымдастықтың Жарғысы бойынша атамекенге шетелдегі қандастарымыз туысқандарымен қарым қатынас жасауына, келуіне, құжаттарды ресімдеуге көмек беруге байланысты облыстарда филиалдары бар (Тұрысбеков, 2021:96).

Еуропадағы Қазақ мәдени орталықтарын үйлестіру кеңесінің төрағасы Мехмет Зенгин: «Қазақстан дербес ел болғаннан кейін 1992 жылы шетелдегі қазақтармен мәдени байланыс орнату негізінде құрылған Қауымдастықпен жиі араласып тұрамыз.... Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының алыс және жақын шетелдерде өмір сүріп келе жатқан біздер үшін атқарар рөлі үлкен, маңызы да зор. Үлкен қажеттіліктен дүниеге келген Қауымдастықтың өзіндік салмағы, дәрежесі бар. Жалпы кеңеске, қоғамдық институтқа айналып отырғанын байқаймыз», – деді (Зенгин, 2007:27).

Қауымдастық Республикалық қоғамдық бірлестік болғандықтан, Қазақ елінде және шетелде (қазақ диаспорасы тұратын елде) қызметін жүргізуге правосы бар. Тегерандағы қазақ радиосының қызметкері, журналист Жапарбай Шадқам уақыт өткен сайын Иран қазақтары ана тілін ұмытуға айналып барады. Осы мәселені алдын алу керек. Бұл ретте Иранда Қазақ мәдени орталығын құру қолға алынса дейміз. Біз өзіміз құруға бірнеше рет талпынғанбыз. Бірақ заң жағынан кедергілері көп болды. Ал Алматыда Иран мәдени орталығы құрылған. Оның республика бойынша т.б. қалаларда филиалдары да жұмыс істейді. Иранда да Қазақ мәдени орталығын құру туралы ойын айтты. Қауымдастық Иранда мәдени орталықтың ашылуына жәрдемі болды. Мәдени орталықтар жақсы жұмыс істесе, ағайындардың ұлттық-рухани мәселелері де солғұрлым нәтижелі шешіледі... Қауымдастықтың республика бойынша бөлімдері жұмыс істейді. Орталығы Нұр-Сұлтан қаласына көшірілген, сонымен қатар әлемнің қырыққа жуық елдерінде Қазақ мәдени орталықтары мен қоғамдық ұйымдары жұмыс істейді. Шетел қазақтарының болашақ жағдайы сол елдердегі Қазақ мәдени орталықтарының жұмысына да тікелей байланысты. Егер Мәдени

орталықтар неғұрлым жақсы жұмыс істесе, ағайындардың ұлттық-рухани мәселелері де солғұрлым нәтижелі (Балғабаев, 2014:104-105).

Қауымдастық шет елдегі қандастарымызбен әртүрлі іс шаралар жүргізуде. Дүниежүзі қазақтарының бірінші Құрылтайының делегаты Қайнолла Қасенов өзінің сұхбатында сол кезден бері қанша жылдар өтсе де, тұңғыш Құрылтайдың шақырылуының шеттегі қазақтар үшін тарихи маңызы зор екендігінде айтады. Ол Құрылтайдың салтанатты кешкі асы аяқталса да Түменнен келген делегация бұрынғы Қазақ ССР-ның Министрлер кеңесінің төрағасымен толғандырған мәселелер төңірегіндегі бірсыпыра мәселелерді талқылаудан (Қасенов, 2012:38-40)

Шетелдегі қандастарымыздың тұрып жатқан елдерде этникалық ортасына сіңіп, ана тілінен, салт-дәстүрінен, менталитетінен айырылып, ассимиляцияға ұшырап кетуі қауіпті бар. Ал кейінгі кезде шетелдегі қазақ жастарының қазақша мектептерге баруға деген ынта-ықыласы күрт төмендеуде, қазақ мектептері де жыл сайын азаюда. Бұрын Қазақстаннан шыққан қазақша оқулық, көркем әдебиет, газет-журналдар шетелдегі қазақтарға, әсіресе, ТМД елдеріне кедергісіз барып тұратын (Балғабаев, 2014:105). Қауымдастықтың негізгі жұмыстарының бірі – шетелдегі қазақ диаспорасына ақпараттық қолдау көрсету. Бұл жұмыстың мүмкіндігі мен болашағы өте үлкен. Өйткені бес миллионнан астам қазақ диаспорасының тоқсан пайызға жуық бөлігі елімізбен шекаралас мемлекеттерде орналасқан. Шекараға жақын болғандықтан ол елдерге Қазақстанның радио және телехабарларын жеткізу мүмкіндігі шешілген және қазақ елінен бұқаралық ақпараттық құралдар: газет-журналдар, кітаптар жіберу де оңтайлы шешімін табуда. Сонымен қатар қазір бұл жөнінде арнайы веб-портал ашылу жүзеге асуда. Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін әлдеқайда кеңейтіп, аудиториясын ұлғайтудың тиімді бір жолы – шетелдегі отандастарға арналған радио және телехабарлар мен түрлі басылымдарды көбейту. Елімізде бұған толық мүмкіндік бар. Осыған орай, Қауымдастықтың жанынан «Алтын бесік» журналы мен «Туған тіл» альманағы да жарық көріп, шетелдердегі ағайындарға таратылады (Мамашев, 2008:101).

Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет және ақпарат министрлігі және Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы бірлесіп шетелдегі қазақтарға түрлі оқулықтар, көрнекті құралдар, газет-журналдар мен басқа да басылымдарды

жеткізіп берудің мүмкіндіктерін қарастырып, көмек беруде. Алыс-жақын шетелдегі қазақ жастарын республикамыздың Жоғары оқу орындарына білім алғысы келетіндеріне Отандастар қоры Қазақ еліне шақырып, оларды жатын орындармен қамтамасыз етті. Өткен 2019 жылы оқу республика аумағында арнайы шетелден келетін жастарға арнап дайындық бөлімінде бөлінген орын саны мың болды. Емтихан онлайн бойынша қабылданатын дайындық бөліміне тіркелегндер саны бір мың екі жүз отыз сегіз адам болды. Ал сынақ барысында дұрыс нәтиже көрсетіп, сынақтан шектік бал жинағандар саны жүз ғана болды. Қорытынды нәтиже бойынша сынақтан өткен талапкерлер республика облыстарындағы оқу орындарының дайындық бөлімінің студенті атанады.

Жақын және алыс шетелден келген келген мәселен, Ресей, Өзбекстан, Түркіменнен, Моңғолия және т.б. елдерден келген 140 жастар Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне қабылданды (Базар,2019).

Бүгінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында таяу және алыс шетелдердегі этникалық қазақтарды елге шақырып, жұмыс жүргізіп отырған – Қазақ елі.

Қауымдастық төрағасының бірінші орынбасары Қ. Найманбаев (1992-2004 жж.) елге шетелден оралған қандастарымызға құжат рәсімдеу, орналасу, квота мәселелеріне көмек беріп, елге келетін көшке оң ықпалын тигізіп, көп қызмет атқарды. Қазақ елінде шақырылған Құрылтайлардан басқа шетелдегі қазақ диаспорасының кіші құрылтайларын ұйымдастыру жұмысында жүргізген де Қауымдастық. Екінші Құрылтай қарсаңында Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.А. Құл-Мұхаммедтің атына Қалдарбек Найманбаев: «... Өзбекстан, Ресей, Еуропа және Түркия елдерінде кіші құрылтайлар өткізілуі қажет. Бұл жиындарды өткізудің ең үлкен мақсаты – алыстағы ағайындардың ұлттық рухын көтеру. Олардың іздейтін атажұрты – елі бар екенін еске салу. Сондықтан мұны әдеттегі той-думан емес, маңызды оқиға деп санаған жөн деп білеміз. Көмектесулеріңізді сұраймыз» (Еңсенов,2018), – деп хат жазған. Яғни, Қазақ елінде өткен Құрылтайлардан басқа, шетелдерде кіші құрылтай өткізу алдында дайындық жұмыстары жасалғандығын байқаймыз.

Республика аумағынан тыс жердегі қазақ диаспорасы өкілдерінің басым бөлігі республикамен шектесетін шекаралас мемлекеттерде тұрады.

Қазақ еліне оралған ағайындардың әлеуметтік тұғыдан туындаған мәселелерді шешуде Қауымдастық пен Отандастар қоры ақылдаса отырып, екеуі бірлікте шұғылданады. Сонымен қатар елге оралған ағайындарымызға баспана беру, жұмысқа орналастыру және Солтүстік өңірге орналастыру т.б. жұмыстарды Отандастар қоры жүргізуде.

Қоғамдық пікір институты жаңадан құрылған Отандастар қорының тапсырмасы бойынша Қазақстанға қоныс аударғысы келетін қандастардың 2019 жылы санын анықтапты. Нақтырақ айтсақ, Өзбекстандағы 1,5 миллион қазақтың 37,6 пайызы немесе 564 мың адам, Ресейдегі 1 миллион қазақтың 12,3 пайызы немесе 123 мың адам, Моңғолиядағы 130 мың қазақтың 24,7 пайызы немесе 32 мың адам атажұртқа оралғысы келеді» (Қалбаев, 2017).

Шетелдегі қазақтармен Отандастар қордың қарым-қатынасы тығыз байланыста. Шетелдегі шоғыр болып орналасқан көршілес елдердегі қазақ мәдени мұрасын жинау, сақтау және оны уағыздау Қауымдастық қызметінің маңызды бағыттарының бір саналады.

«Шетелдегі қазақтар» айдары аясында Қауымдастықтың белгісімен қандастарымыздан шыққан ғалымдар, қоғам қайраткерлері және алыс – жақын шетелдегі қазақ диаспорасынан шыққан жазушылары мен ақындарының көптеген еңбектері баспадан жарық көрді. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі шешім қабылдап, еліміздегі мемлекеттік тапсырыс есебінен басылып шыққан әрбір кітаптың он данасын шетелдегі Қазақ мәдени орталықтарына беру жұмысы Қауымдастық тарапынан жүзеге асырылды.

Қазақстандықтарды қазақ диаспорасының көрнекті өкілдерінің мәдениет пен өнер саласындағы туындылары және шығармашылығымен таныстыруда мақсатында Қауымдастық көптеген шаралар ұйымдастырып, өткізді. Қауымдастық 1996 жылы елге келген қандастарымыз арасында шығармашылық кешін ұйымдастырды.

Қазақ елінің аумағында орналасқан көптеген шаһарында Ресей, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстаннан келген оралман

суретшілер мен қолөнер шеберлерінің көрмелері ұйымдастырылды (Мамашев, 2008:103) Қауымдастық Иран, Түркия, Қытай, Өзбекстан және Моңғолиялық қазақ шеберлерінің өте керемет әрі жоғары деңгейдегі көркем шығармаларын Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма жылдық мерекелік іс-шарасына байланысты ұйымдастырылған көрмеде жалғасын тапты.

Қорытынды

Қортындылай келе, бүгінгі тәуелсіз республикамыз бен шетелде өмір сүретін қазақ диаспорасы, бірін-бірі толықтыратын, бүтіндейтін бір құбылыс, бір мәселе, бір тағдыр, бір болашақ.

1992 жылы атамекенде Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайы шақырылды. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына барлық елдердегі қазақ диаспорасының өкілдері қатысып, жүздесті. Құрылтайға қатысқандар халқының өткеніне көз жүгірті, болашағын болжады. Құрылтай қазақ диаспорасының көптеген көкейтесті мәселелеріне көңіл бөліп, шешімдер қабылдады. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды.

Қазақ елінде тәуелсіздік жылдары Әлем қазақтарының бес құрылтайы шақырылып, қазақ диаспорасына байланысты өзекті мәселелер шешімін тапты. Тәуелсіз Қазақ елінде шақырылған алғашқы Құрылтай шетелдегі қандастарымыздың атамекенге көшіп келуіне жол ашты. Құрылтайда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын құру, оның жарғысын қабылдау, басшы органдарын сайлау мәселелері талқыланды. Бүгінде дүниежүзінің қырыққа жуық еліндегі қазақ мәдени орталықтары және бөлімшелерімен Қауымдастық бірлесе жұмыс атқарады. Жыл сайын шетел қазақтарының кіші құрылтайлары өтеді. Кіші құрылтайларды өткізу жұмыстары бойынша Қазақстан Республикасы елшіліктеріне, министрліктер, облыс әкімшіліктерінің көмектеріне сүйенеді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы республикада өткен құрылтайдан басқа Еуропада, Ресейде, Орталық Азия мемлекеттерінде кіші құрылтайларды ұйымдастырып өткізуде ат салысып келеді.

Әдебиеттер

- Қара Ә. (2005). Атамекендегі шам-шырақ. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы: 15 жыл. 119-120 бб.
 Башташ М. (2008). Европа қазақтарының келесі құрылтайы Осида өтеді. Қауымдастық қазақтың – бір отауы. Алматы: Атажұрт баспасы. 243 б.

- Сапаралы Т. (1993). Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Алматы. 189 б.
- Уатқан Б. (2013). Атажұртқа жеткен көш. Алматы: Атажұрт баспа орталығы. ДҚК. 192 б.
- Еңсенов Қ. (2018). Дүниежүзі қазақтары бес құрылтайының өткізілу тарихы (1992-2017 жж.). Электрондық ғылыми журнал «edu.e-history.kz». №2 (14).
- Баймолда Д. (2015). Еуропадағы қазақтар (тарихы мен бүгінгі жағдайы). Публицистикалық зерттеу. Алматы: ДҚК «Атажұрт» баспа орталығы. 192 б.
- Заут Б. (2012). Атамекенге атбасын бұрған қандастарымыздың көшін ұйымдастырған түрде жүзеге асыру қажет. Қазақстан қоғамының дамуына қандастарымыздың қосқан үлесі. ДҚК-ның құрылғанына 20 жыл толуына орай РҒПК материалдары. Алматы: ДҚК «Атажұрт» баспа орталығы. 96 б.
- Зенгин М. Латын қаріптері қазір компьютердің, интернеттің таңбалары болып отыр. Қауымдастық қазақтың-бір отауы. Алматы: Атажұрт. 2007. 27 б.
- Балғабасев С. Қазақ диаспорасының қазіргі жағдайы және болашағы // Алтын бесік 2014. № 4(73). Б. 104-111.
- Касенов Қ. (2012). Мен ата-бабамыздың туған топыраққа қызмет ету арманын орындадым. Туған тіл. №2 (17), 36-40бб.
- Мамашев Т. (2008). Қауымдастық – қазақтың бір отауы. Алматы. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы: Атажұрт, 243 б.
- Базар Ж. (2019). Шетелде тұратын жас талапкерлердің білім сапарына жол Egemem Qazaqstan. №89(10079).
- Қалбаев Т. (2017). Өзбекстандағы қазақ мәдени орталығы, Ташкент. Алтын бесік. №5. 48-50 бб.

References

- Kara A. (2005). Atamekendegi sham-shyrak. [I don't know, he said]. Almaty: Duniejjuzi kazaktarynyn kayymdastygy: 15 jyl. 119-120 bb.
- Bashtash M. (2008). Evropa kazaktarynin kelesi kuryltay Oslada otedi. [The next kurultai of European Kazakhs will be held in Oslo]. Kayymdastyk kazaktyn-bir otayu. Association Kazakh – one weeds. Almaty: Atajurt baspasy. 243 b.
- Saparaly T. (1993). Duniejuzi kazaqtarynyn quryltay. [World kurultai of Kazakhs]. Almaty. 189 b.
- Yatkan B. (2013). Atajurtka jetken kosh. [Street that reached the grandfather]. Almaty: Atajurt baspa ortalygy. DKK. 192 b.
- Ensenov K (2018). Duniejuzi kazaktary bes kuryltaynyn otkizily tarihy (1992-2017jj.) [History of the five World kurultai of Kazakhs]. Elektronnyk gylymy jymal “edu.e-history.kz”. №2 (14).
- Baimolda D. (2015). Eypopaday kazaktar (tarihy men bugingi jagday. [The Cossacks of eropada history and present]. Pysbulikalalyq zerttey. Almaty:DKK «Atajurt» baspa ortalygy. 192 b.
- Zayt B. (2012). Atamekenge atbasyn burgan qandastarymyzdyn koshin uyymdastyrgan turde juzege asyry kajet. [It is necessary to carry out in an organized manner the movement of our compatriots who turned their horses to Atameken]. Kazakstan kogamynyn damyyna kandastarymyzdyn koskan ulesi. DKK – nyn kurylganyna 20jyl tolyyna orai RGPk materialdary. Almaty: DKK «Atajurt» baspa ortalygy. 96 b.
- Zengin M. (2007) Latyn karipteri kazir komputerdin, internettin tanbalary bolyp otyr. Kayymdastyk kazaktyn-bir otayu [Latin fonts are now symbols of the computer and the internet]. Almaty: Atajurt. 27 b.
- Balgabaev S. (2014) Kazak diasporasynin kazirgi jagday jane bolashagy [Current state and prospects of the Kazakh diaspora]. Altn besik. № 4(73). B.104-111.
- Kasenov K. (2012). Men ata-babamyzdyń tygan topyrakka kyzmet ety armanyn oryndadym. [I fulfilled the dream of our ancestors to serve the native land]. Tygan til. №2 (17), 36-40bb.
- Mamashev T., (2008). Kayymdastyk – kazaqtyn bir otayu. [The association is one of the Kazakh families]. Almaty. Duniejuzi kazaktary kayymdastygy: Atajurt, 243 b.
- Bazar J. (2019). Shetelde turatyn jas talapkerlerdin bilim saparyna jol. [The way to the educational journey of young applicants living abroad]. Egemem Kazakstan. №89(10079).
- Kalbaev T. (2017). Ozbekstandagy kazak madeni ortalygy, Tashkent. [Kazakh Cultural Center in Uzbekistan, Tashkent]. Altn besik. №5. 48-50 bb.